

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 3 (2020)
Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на учет, переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPYU00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области лингвистики, и языкознания

Подписной индекс – 76132

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., доктор *PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., доктор *PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *д.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/FZCD4613>**А. Е. Ниязова, Д. Б. Иманова**

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА АУТЕНТТІ МӘТІНДЕРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ АСПЕКТІЛЕРІ

Бұл мақалада аутентті мәтіндерді ағылшын тілін оқыту үдерісінде қолданудың аспектілерін отандық және шетел әдебиеттерін қолдана отырып жалпылау және талдау мақаланың негізгі зерттеу мақсаты болып табылады. Жұмысты дайындау барысында талдау, синтез және функционалдық әдіс сияқты зерттеу әдістері қолданылды. Мақаланың нәтижелері ағылшын тілін оқытудағы аутентті мәтіндердің ролі мен орнын анықтауға өз үлесін қосады деген үміт бар. Мақалада аутентті мәтіндермен жұмыс жасаудың артықшылықтары және де шет тілді меңгеру мен қатар оқушының мәдениет аралық қатынас дағдысының дамуына өз ықпалын тигізетіні келтірілген. Бұл мақалада Зерттелетін тілде сөйлеушілердің тілді күнделікті тұрмыс тіршілікте қалай қолданатыны жайлы мәліметтер келтірілген. Мақалада аутентті мәтіндердің түрлері және де мәтіндермен бірге қолданылатын әртүрлі іс-нәтижесі туралы мәліметтер келтірілген. Эмперикалық зерттеудің нәтижесі аутентті тексттермен жұмыс жасаудың тиімділігі жайлы ақпараттар берілген. Тілдік ортадан тыс шетілін оқытудың жолдары және аутентті тексттердің оң ықпалы туралы ақпарат келтірілген.

Кілтімі сөздер: ағылшын тілі сабағы, аутенттік мәтін, лингвистикалық сауаттылық, нақтылық, шет тілін оқыту, түпнұсқа материалдар, грамматика, аутентті материалдармен іс-шаралар.

Кіріспе

Жаһандану мен ғаламтор дамыған заманда, зерттелетін тілде сөйлейтіндердің мәдениеті мен тілдік материалдары туралы білімнің көбеюімен, шет тілін оқыту методикасында және оқуда «аутентті» ұғымы жиі кездеседі. Адамның барлық ақпараттың жартысынан көбін визуалды шолу арқылы (соның ішінде басқа елде бола тұра) алатындығын ескере отырып,

шет тілде сөйлейтін қоғамның лингвистикалық материалдық сипаттамаларын өндеп, дұрыс интерпретациялаудың маңыздылығы айқын болып тұр.

Қазіргі уақытта «мәдениаралық коммуникативті күзіреттілік» ұғымы «коммуникативті күзіреттілік» ұғымының орнына қолдана бастады, яғни шет тілін оқытуда мазмұнының мәдениаралық құрамдас бөлігі жетекші бағытқа айналуға және оқу материалының түпнұсқалығы тақырып мазмұнына қойылатын негізгі талап болып табылады [1, 167 б.].

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының шет тілдерін оқыту тұжырымдамасында айтылғандай, түпнұсқалық мәтіндерді қолдану тек шет тілін үйрену үшін ғана емес, сонымен бірге зерттелетін тілде оқытылатын елде кәсіптік бағдар беру және қайта даярлау ерекшеліктерімен танысуда маңызды болып табылады [2].

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, осы мақалада авторлар отандық ғылыми әдебиеттерде назар аударатын және аутентті материалдарды оқу процесінде пайдалы ететін аутентті мәтінді қолданудың кейбір жағымды жақтарын қарастырығысы келеді.

Зерттеудің нысаны: аутенттік мәтіндер

Зерттеудің пәні: аутенттік мәтіндердің ағылшын тілі сабағында қолданылуы

Мақсаты: Қазақстандағы ағылшын тілі сабағында аутентті мәтіндердің алатын орны және оның тілді меңгеру барысында тигізетін оң ықпалына мән беру болып табылады. Және де шетел методикасында аутентті мәтіндердің қолдануы және тәжірибиесі қамтылған.

Міндеттері:

- аутентті мәтіндерді қолданудың пайдасы және тіл меңгеру барысында тигізетін оң ықпалы;

- аутентті мәтіндердің ағылшын тілі сабағында алатын орны және ролі.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі

Соңғы уақытта аутентті тексттерге деген көз қарас өзгеріп, оны сабақ барысында қолданудың ерекшеліктері мен пайдасын көрсету мақсатында зерттеулер эмперикалық және анализ әдісімен жүргізілген. Эмперикалық зерттеудің нәтижесі аутентті мәтіндердің оң ықпалы және оқушылардың мәдени аралық қатынастық қабілетінің артқыны жөнінде мәліметтер қарастырылған.

Белгілі болғандай, аутентті мәтін бейімделмеген, шынайы айқын мәтін [3, 99 б.]. Яғни аутентті мәтіннің авторы зерттелетін тілге қатысты мәдениеттің өкілі болуы керек дегенді білдіреді.

Сонымен бірге коммуникацияның материалдық құрамдас бөлігі шындық болып табылады. Тілдік ортадан тыс шет тілін оқыту жағдайында табиғи тарихи лингвомәдени қоғам ретінде объективті шындық аутентті мәтіндерде

көрініс табады. Шет тілін оқыту процесі дұрыс ұйымдастырылған жағдайда аутентті мәтіндер лингвомәдени күзiреттiлiгiнiң қалыптасуын қамтамасыз ете алады [4, 15 б.]. Сонымен қатар, газеттер мен журналдар шынайы айқын өмiр бейнесiн көрсетуде тиiмдi әдiстердiң бiрi болып табылады. Газеттер мен журналдарды оқу – зерттелiп жатқан тiлде сөйлеушi адаммен қарым-қатынас орнату нысандарының бiрi деген пiкiр бар [5, 175 б.].

Осы ойды қолдаушы авторлардың пiкiрi бойынша, аутенттi мәтiн лингвистикалық және экстралингвистикалық шындықтың феноменi ретiнде күрделi құбылыс болып табылады: бұл байланыс құралы, ақпаратты сақтау және беру тәсiлi, белгiлi бiр тарихи дәуiр өнiмi, мәдени өмiр формасы және ұлттық мәдениеттiң көрiнiсi. (салт-дәстүр, әдет-ғұрып және т.б.) [4, 15 б.].

Шынында да шет тiлiн оқу дегенiмiз бұл түрлiмәдениеттер өкiлдерi арасында «көпiр» құруға бағытталған iс деген пiкiрмен келiспеу қиын. Сондықтан тiл мен мәдениеттi өзара байланысты және өзара байланысты әлеуметтiк құбылыс ретiнде қарастырған жөн. Демек, аутенттi мәтiннiң осындай бай мәдени мәнi оның жақсы үлгiлерiнiң бiрi ретiнде қызмет ететiндiгiнiң маңызды дәлелi болып табылады, сондықтан оны оқу процесiнде қолдану мiндеттi iстердiң бiрi.

Аутенттiмәтiндердiң бiр ерекшелiгi – аутенттi мәтiндердiң құрамында қысқа тiркестер, сөздер, сөз тiркестерi, құрама сөздер болуы мүмкiн, өз тiлiмiзде баламасы жоқ болуы мүмкiн, сондықтан қиындықтар тудырмасүшiн оқушыларға осы сөздердiң мағыналарын алдын ала түсiндiру қажет [2, 99 б.]. Аутенттi мәтiндерде қысқартулар мен қысқартулардың болу фактiсi, олардың оқылуын және түсiнуiн бiршама қиындатса да, «аутенттi қатынасты» қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Басқаша айтқанда, кез келген қысқартулардың немесе құрмалас сөздердiң мағынасын бiр рет түсiнiп алса, болашақта тiл үйренушiге зерттелетiн тiлдегi газет мақалаларын оқуда, жаңалықтар бағдарламаларын көрiп және басқа мазмұнды контенттердi оңай түсiнуiне ықпал тигiзедi.

Г. О. Рахымбекова аутенттi мәтiндердiң келесi ерекшелiктерiне назар аударады:

1 Аутенттi мәтiндер тiлдiң қызметiн оның сөйлеушiлерi қабылдаған нысанда және табиғи әлеуметтiк контекстте бейнелейдi;

2 Аутенттi мәтiндерәр түрлi тақырыпта және алуан түрлi стильде, олармен жұмыс жасау студенттердiң қызығушылығын арттырады;

3 Аутенттi мәтiндер зерттелiп жатқан елдiң мәдениетiн оқытудың ең жақсы құралы болып табылады;

4 Аутенттi мәтiндер зерттелетiн тiлдiң фразеологизмдерiмен танысу үшiн тамаша материал болып табылады. Мақал-мәтелдермен және фразеологиялық айналымдармен таныстыру, оқушылардың сөйлеу әрекетi

дағдыларын қалыптастырады, ал ағылшын, орыс, қазақ фразеологизмдерін салыстыру әрқашан пәнге деген қызығушылықты арттырады [6, 167 б.].

К. Мустафинаның көзқарасына сәйкес шет тілін сыныптық оқыту жүйесінде, нақты коммуникативті қатынас болмаған жағдайда, мәдениаралық компонентті қамтитын аутенттік мәтіндерді қолдану, толеранттылық пен басқа халықтың өмір салтын құрметтеу мәдениетін қалыптастыра алады [7, 56 б.]. Демек, аутенттік мәтіндерді сыныптық оқыту жүйесінде қолдану оқушыларға тікелей зерттелетін тілдің салт-дәстүрімен таныс болуына, және де өзге халықтың өмір ерешеліктеріне түсіністікпен қарау дағдысын дамыта алады.

Кейбір авторлардың пікірі бойынша, сыныпта түпнұсқалық мәтіндерді қолданудың келесі артықшылықтары бар: біріншіден, оқушыларға аутенттік материалдар ұсынылған кезде олар зерттелетін тілдесөйлейтіндер немесе мақсатты тілді қолданушылардың көпшілігі тілді қалай қолданатындығы туралы нақты мысалдарды көреді. Екіншіден, студенттер тілді сәйкесінше дұрыс мағынада қолданып тұрғанын білсе, онда олардың шет тілінде дұрыс сөйлей алу, тілді меңгеріп кетуге деген сенімдері арта түседі. Шынайы мәтіндердің көмегімен оқушыларға нақты контексте қолданылатын сөздер мен тіркестер беріледі. Студенттер осыған ұқсас жағдайларға тап болған кезде, олар бейресми жеке сөйлесулерді дұрыс жүргізуіне ықпал тигізеді. Үшіншіден, аутенттік оқыту материалдар бейресми, әлеуметтік бағытталған және кеңінен қолданылады. Олар ережелер мен үлгілік оқулықтарды толықтыруда құнды материал бола алады [8, 73 б.].

Осылайша, аутенттік мәтіндерді қолданудың кеңінен таралуы «коммуникативтік құзыреттілік» институтын алмастырған «мәдениетаралық коммуникативті құзыреттілік» институтының өзектілігімен байланысты болуы мүмкін.

Аутенттік мәтін тек тілдік құзіреттілікті қалыптастыруда ғана емес, сонымен бірге елдің және зерттелетін тілдің мәдени ерекшеліктерін жақсы түсінуде маңызды рөл атқаратыны анық. Аутенттік мәтіндер шетел қоғамының лингвистикалық және мәдени сипаттамаларының «айнасы» ретінде көрінеді.

Шет тілін үйрену барысында аутенттік мәтіндерді қолдану минималды әрекетпен студенттерге шет тілдік ортаға және лингвистикалық, мәдени және коммуникативті ортаға ену құзыреттілігіне мүмкіндік береді.

Шет елдік тәжірибиеде де ағылшын тілі сабағында аутенттік мәтінмен жұмыс жасаудың өз ерекшеліктері бар. М. Лироланың мақаласына сүйенсек, егер шетілінің оқытушысы өзінің сабағында әлеуметтік мазмұндағы түпнұсқаны қолданған кезде, оқушылар үшін мәтін мен қоғам арасындағы, қоғам мен мәтін арасындағы реалитиді көруге мүмкіндік береді [9, 67 б.].

Түпнұсқаларды сабақ барысында қолданудың тағы бір ұтымды тұсы, ол яғни оқушылардың сабақта алған білімдерін нақты өмірде қолдану мәселесі. Тілді үйрену аясында бұл мәселенің маңызы арта түседі. Өйткені тілді үйренудің мақсаты – оны нақты өмірде, қоғамдық қатынастар жүйесінде қолдану. Осы мақсатты жүзеге асыру жолында аутентті мәтіндердің алатын орны ерекше. Мысалы шет елде саяхатта жүріп әуежайларда билет сатып алу, бағыт бағдар сұрастыру, қонақ жайларда орналасу. Осы сияқты қарапайым жағдайлар тілді нақты өмірде қолдану болып табылады.

Ағылшын тілін үйренушілер үшін әдетте аутентті мәтіндерді бірден түсініп оқу қиындық туғызады, өйткені тіл үйренушілер немесе оқушылар негізінен өздерінің тілдік деңгейлеріне сәйкес бейімделген коммуникативті оқулықтарды қолдана отырып шет тілін оқуға дағдыланған.

Яғни, аутентті материалдарды оқу арнайы жасалған материалдарды оқудан гөрі ауыр. Сондақтан да аутентті материалдарды оқудың өзін оқыту керек сияқты.

Аутенттімәтіндер тіл меңгеруші үшін мотивация құралы болып табылады, ескере кететін жайт аутенттік мәтін әр түрлі саладағы мәтіндердің алуан түрін ұсына алады (журналистік мақала, әдеби үлгідегі мәтін, академиялық мәтін) [10, 55 б]. «Аутентификация» термині алдын-ала дайындалған және бейімделген оқулық үлгілеріне қарсы реакция ретінде пайдаланылды. Ал аутенттік мәтіндер студенттерге коммуникативті ғана емес, сонымен бірге мәдени құзыреттіліктерін жетілдіруге көмектесетін құрал ретінде де қарауға болады. Аутенттік термині ол құрылған тілдік қоғамдастықтың кейбір әлеуметтік мақсатын орындау үшін жасалған мәтін ретінде анықталды [11, 275 б.]

Авторлардың аутентті мәтінге қатысты пікірлері орынды деп санаймыз. Өйткені шынында да, аутентті мәтіндердің мазмұны сол қоғамдағы әлеуметтік құндылықтармен және оларды сақтау және жүзеге асыру жолдарымен тығыз байланысты. Бірақ бұл ерекшелік тілді үйренуші тұлға үшін белгілі қиындық туғызады. Оның себебі, мәдениеттер мен әлеуметтік құндылықтардың әртүрлі болуы. Аутенттік мәтінді оқыту үшін оның сөздерінің және сөйлемдерінің контекстілік мәнін түсіну үшін сол мәтінге тиесілі қоғамның құндылықтар жүйесімен таныс болуы қажет. Ал бұл мәселені шешудің оңай әрі жолы аутентті мәтіндерді сабақ барысында қолдану. Аутентті газеттік мәтіндерді қазіргі таңда интернет желісі арқылы кез келген мұғалімге қолжетімді, ол тек дербес компьютер және фаламторға шығу мүмкіндігі болуы тиіс.

Аутентті мәтіндерді шет тілін оқыту барысында қолдану қажеттілігі көптеген білікті тіл мамандарымен және де арнайы зерттеулер нәтижесі де растайды. Ақбари мен О. Разавидың мақаласына сүйенсек аутенттік

мәтіндер Иран Ислам Республикасының жалпы білім беру мекемелерінде 30 жылға жуық уақыттан бері қолданыста екен. Эмпирикалық зерттеулердің нәтижесі аутентті мәтіндердің тіл меңгеруде орасан зор пайда көрсеткені жайлы мәліметтер бар. Анығырақ айтсақ аутентті мәтіндер студенттерге:

- шетілінде ауызша сөйлеу дағдысының жақсаруына;
- шетілінде оқып түсіну дағдысының, жаңа сөздер мен сөз тіркестерін үйрену арқылы жақсарғаны;
- шетілінде жазу шеберліктерінің артқаны туралы мәліметтер келтіруде [12, 106 б.].

Көріп отырғанымыздай аутентті мәтіндерді сабақ барысында қолданудың пайдалы тұстары аз емес екені анық. Бірақ осы орайда туындайтын сұрақ аутентті материалдарды шет тілін үйренушілер үшін қай деңгейде қолданғаны дұрыс? Ф. Киликая ойынша түпнұсқаны тек тіл деңгейлері *intermediate* және *advanced* дәрежесі бар студенттерге қолдануды дұрыс деп санайды [13]. Шет тілді меңгеру қысқа уақытта жасалатын іс-шара емес, бұл мәселе көп еңбекті және уақытты талап етеді. Көптеген аутентті материалдар қазіргі уақытта қолжетімді, оларды сабақ барысында қолдану тіл үйренушілердің қызығушылығын арттырады. Аутентті материалдарды 4 деңгейге бөлуге болады:

- аутентті аудио және бейне материалдар: өлеңдер, деректі фильмдер, радио және теледидар бағдарламалары, сауалнамалар, мультфильмдер, кинолар, кәсіби аудио-таспалы қысқа әңгімелер мен романдар;

- аутентті көрнекі материалдар: фотосуреттер, суреттер, оқу такталары, суреттер, мортанбалар, көше белгілері, сөзсіз сурет кітабы, газет және журналдар;

- аутентті баспа материалдар: газет мақалалары, мейрамхана мәзірлері, туристік ақпарат брошюра, журналдардағы немесе газеттердегі жаңалықтар, мақалалар, буклеттер және түбіртек, т.б.;

- шынайы материалдар: маска, қуыршақ [14, 330 б.].

Жоғарыдағы көрсетілгендей аутентті мәтіндер түрлері сан алуан, оларды қолдана отырып оқушылардың 4 бірдей тілдік дағдыларды (есту, сөйлеу, жазу, оқу) дамыту үшін жақсы құрал ретінде де қарауға болады. Оқушының төрт дағдысын аутентті мәтіннің көмегімен дамыту үшін Е. В. Емельянованың ойынша тіл үйренушіге мәтіндік материалдармен түрлі операцияларды үйрету маңызды, әртүрлі сипаттағы сөйлемдер, сөз тіркестерінің бірлігін, бастапқы мәтіннің белгілі бір класының жанрлық және стилистикалық ерекшеліктерін ескеру, мәтінді жанрға сәйкес саралау дағдысын үйрету маңызды [15, 57 б.].

Қорытынды

Тілді үйрету және шет тілін оқыту барысында аутентті материалдарды қолдану көптеген пайдалы тұстары бары анық. Аутентті мәтіндерді сабақта қолдану тіл мамандарымен және білікті ұстаздармен мақұлданған, және осыны растау үшін де көптеген зерттеулер жүргізілген. Аутентті мәтіндер тіл үйренушінің тілдік құзыреттілігін артыумен шектелмей мәдени аралық коммуникациясын дамыта түседі. Бұл позитивті аспектілерінен бөлек тіл үйренушінің шет тілін оқып түсіну, шет тілінде жазу сауаттылығын және зерттелетін тілдің кунделікті тұрмыс тіршілігінің ерекшелігін түсіну қабілеті кеңейеді. Аутентті материалдар тіл үйренуші үшін мотивация да болып табылады, өйткені аутентті мәтіндер арқылы тіл үйренуші зерттелетін тілдің реалий қандай екенімен хабардар етеді. Аутенттік материалдар оқытушылар үшін де пайдасы кемел, олар қызықты әрі оқушының танымдық білімін кеңейтуіне ықпал тигізеді.

Пайдаланған деректер тізімі

1 **Кунанбаева, С. С.** Теория и практика современного иноязычного образования. – Алматы : Эдельвейс, 2010. – 344 с.

2 «Концепция развития иноязычного образования РК». – Алматы : Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана. – 2006г. [Электронды ресурсы]. – <https://multiurok.ru/blog/kontsieptsiia-iazukovogho-obrazovaniia-riespubliki-kazakhstan.html> (Доступ 17.01.2020).

3 **Рысбаева, Г. Қ., Жаксыбаева, А. Қ.** Шетел тілін оқытуда аутенттік мәтіндермен жұмыс істеу тәсілдері // Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы. – 2016. – № 1. – Б. 98–102

4 **Сидикова, Б. А.** Аутентичные тексты в программе профильного обучения как база формирования инофонной картины мира // Шетел тілін оқыту әдістемесі. Методика обучения иностранному языку. – 2013. – № 1. – С. 12–17.

5 **Кушанбаева, Д. Т.** Аутентті газет мәтіндерінің шетел тілін үйретуде алатын орны // Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің хабаршысы: Филология сериясы. – 2014. – № 3. – Б. 172–177

6 **Рахимбекова, Г. О.** Выбор и применение аутентичных текстов при обучении иностранному языку в неязыковом вузе // Сейфуллинские чтения – 9 : новый вектор развития высшего образования и науки, посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан : Материалы республиканской научно-теоритической конференции (28–29 ноября 2013 г.) / Казахский

7 **Мустафина, К. Е.** Работа с аутентичным текстом в оптимизации процесса формирования речевых умений и языковых навыков // Состояние и перспективы обучения профессиональному казахскому, русскому и иностранным языкам : Материалы методического семинара, 29 января 2013 г. / сост. Ескатова Г. К. – Костанай : Костанайская академия МВД РК, 2014. – С. 54–58.

8 **Gauriyeva, G. M., Zhumabekova, A. A.** Use of Authentic Texts for Formation of Students' Linguistic Competence // bulletin of the L. N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series. – 2018. – № 2. – P. 74–76.

9 **Lirola, M.** A proposal for teaching with authentic texts in order to develop social awareness in a language subject in tertiary education. In Argentinian Journal of Applied Linguistics. – 2016. – № 1. – P. 59–73.

10 **Rodriguez, G., Fernando, L.** Learning Strategies : A Means to Deal with the Reading of Authentic Texts in the EFL Classroom In Signo pensam. – 2016. – № 69. – P. 50–63.

11 **Peana S. Ciornei, Aurora, D.** Authentic texts in teaching English In Procedia – Social and Behavioral Sciences. – 2015. – Vol. 180. – P. 274–279.

12 **Akbari, O., Razavi, A.** Using authentic materials in the foreign language classrooms : Teachers' perspectives in EFL classes In International journal of research Studies in education. – 2016. – № 2. – pp. 105–116.

13 **Kilickaya, F.** Authentic materials and cultural content in EFL classrooms In The Internet TESL Journal, 2004. [Электронды ресурс]. – <http://iteslj.org/Techniques/Kilickaya-AuthenticMaterial.html> (accessed 17.01.2020)

14 **Aytunga, O. and H. Ozge, B.** The Importance of Using Authentic Materials in Prospective Foreign Language Teacher Training // Pakistan Journal of Social Sciences. – 2008. – № 3. – P. 329–336.

15 **Емельянова, Е. В.** Учет лингвокультурологических особенностей аутентичного текста в процессе подготовки переводчиков // Вестник ПГУ : Филологическая серия. – 2014. – № 3. – С. 53–59.

References

1 **Kunanbaeva, C. C.** Teoriya i praktika sovremennogo inoyazychnogo obrazovaniya. [Theory and practice of modern foreign language education]. – Almaty : Edel'vejs, 2010. – 344 p.

2 «Konceptsiya razvitiya inoyazychnogo obrazovaniya RK». – Almaty : Kazahskij universitet mezhdunarodnyh otnosheniji mirovyh yazykov imeni Abylaj

hana. 2006. [The concept of the development of foreign language education in the Republic of Kazakhstan]. [Electronic resource]. – <https://multiurok.ru/blog/kontsiptsiiia-iazzykovogho-obrazovaniia-riespubliki-kazakhstan.html> (Accessed 17.01.2020).

3 **Rysbaeva, G. Q., Jaqsybaeva A. Q.** SHetel tilin oқытуда autenttik mätindermen zhұmys isteu tәsilderi. [Methods of working with authentic texts in foreign language teaching] In Қазақ Memleketтік Қыздар Педагогикалық Университетінің Habarshysy. – 2016. – № 1. – P. 98–102

4 **Sidikova, B. A.** Autentichnye teksty v programme profil' nogo obucheniya kak baza formirovaniya inofonnoj kartiny mira. [Authentic texts in the program of profile training as a basis for the formation of foreign images of the world] In Shetel tilin okytu әdistemesi. Metodika obucheniya inostrannomu yazyku. – 2013. – № 1. – P. 12–17

5 **Kushanbaeva, D. T.** Autentti gazet mätinderiniң shetel tilin үjretude alatyn orny. [The role of authentic newspaper texts in foreign language teaching] In Qazaq memleketтік qyzdar pedagogikalыq universitetiniң habarshysy : Filologiya seriyasy. – 2014. – № 3. – P. 172-177

6 **Rahimbekova, G. O.** Vybor i primeneniye autentichnyh tekstov pri obuchenii inostrannomu yazyku v neyazykovom vuze [Selection and application of authentic texts when studying a foreign language in a non-linguistic university] In Sejfullinskie chteniya – 9 : novyj vektor razvitiya vysshego obrazovaniya i nauki, posvyashchennaya dnyu Pervogo Prezidenta Respubliki Kazahstan : Materialy respublikanskoj nauchno-teoriticheskoy konferencii (28-29 noyabrya 2013g.) / Kazahskij agrotekhnicheskij universitet im. S.Sejfullina. – Astana : KazATU im. S.Sejfullina, 2013. – P.167–168

7 **Mustafina, K. E.** Rabota s autentichnym tekstem v optimizacii processa formirovaniya rechevyh umenij i yazykovykh navykov [Work with authentic text in the optimization of the process of formation of speech skills and language skills] In Sostoyaniye i perspektivy obucheniya professional'nomu kazahskomu, russkomu i inostrannym yazykam : materialy metodicheskogo seminara, 29 yanvarya 2013g. / sost. Eskatova G. K. – Kostanaj : Kostanajskaya akademiya MVD RK, 2014. – P. 54–58

8 **Gauriyeva, G. M., Zhumabekova, A. A.** Use of Authentic Texts for Formation of Students' Linguistic Competence [Use of Authentic Texts for Formation of Students' Linguistic Competence] In bulletin of the L. N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series. – 2018. – № 2. – P. 74–76

9 **Lirola, M.** A proposal for teaching with authentic texts in order to develop social awareness in a language subject in tertiary education. In Argentinian Journal of Applied Linguistics. – 2016. – № 1. – P. 59–73.

10 **Rodriguez, G., Fernando, L.** Learning Strategies : A Means to Deal with the Reading of Authentic Texts in the EFL Classroom In *Signo pensam.* – 2016. – № 69. – P. 50–63.

11 S. Peana Ciornei, Aurora, D. Authentic texts in teaching English // *Procedia - Social and Behavioral Sciences.* – 2015. – Vol. 180. – P. 274–279

12 **Akbari, O., Razavi, A.** Using authentic materials in the foreign language classrooms: Teachers’ perspectives in EFL classes In *International journal of research Studies in education.* – 2016. – № 2. – P. 105–116.

13 **Kilickaya, F.** Authentic materials and cultural content in EFL classrooms // *The Internet TESL Journal*, 2004. [Electronic resource]. – [http://iteslj.org/Techniques/Kilickaya-Authentic Material.html](http://iteslj.org/Techniques/Kilickaya-Authentic%20Material.html) (Accessed 17.01.2020).

14 **Aytunga, O. and H. Ozge, B.** The Importance of Using Authentic Materials in Prospective Foreign Language Teacher Training. In *Pakistan Journal of Social Sciences.* – 2008. – № 3. – P 329–336.

15 **Emelyanova, E. V.** Uchet lingvokul'turologicheskikh osobennostey autentichnogo teksta v processe podgotovki perevodchikov. [Accounting of linguocultural features of authentic text in the process of preparation of translators] In *Vestnik PGU: Filologicheskaya seriya.* – 2014. № 3. – S. 53–59

Материал 28.08.20 баспаға түсті.

А. Е. Ниязова, Д. Б. Иманова

Аспекты работы с аутентичными текстами на уроках английского языка

Врадийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,
Республика Казахстан, г. Нур-Султан .
Материал поступил в редакцию 18.09.20.

Основная цель статьи - обобщить и проанализировать аспекты использования аутентичных текстов в процессе обучения английскому языку с использованием отечественной и зарубежной литературы. При подготовке работы использовались такие методы исследования, как анализ, синтез и функциональные методы. Надеемся, что результаты этой статьи будут способствовать определению роли и места аутентичных текстов в обучении английскому языку. В статье освещаются преимущества работы с аутентичными текстами, а также развитие навыков иностранного языка и навыков межкультурного общения. В этой статье содержится информация о том, как носители изучаемого языка используют его в повседневной жизни. В статье представлена информация о типах аутентичных

текстов и различных мерах, используемых вместе с текстами. Результаты эмпирического исследования дают информацию об эффективности работы с аутентичными текстами. Способы и методы обучения иностранному языку вне языковой среды, и положительное влияние аутентичных текстов.

Ключевые слова: уроки английского языка, аутентичный текст, лингвистическая грамотность, оригинальность, обучение иностранному языку, оригинальные материалы, грамматика, упражнения с аутентичными материалами.

E. Niyazova, D. B. Imanova

Aspects of working with authentic texts in English language teaching

Eurasian National University,
Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan.
Material received on 18.09.20.

The main purpose of this article is to summarize and analyze the aspects of the use of authentic texts in the process of teaching English using domestic and foreign literature. Research methods such as analysis, synthesis and functional methods were used in the preparation of this work. We hope that the results of this article will contribute to determining the role and place of authentic texts in English language teaching. The article discusses the benefits of working with authentic texts and how they contribute to the development of students' foreign language skills as well as intercultural communication skills. This article provides information on how speakers of the studied language use the language in their daily lives. The article provides information on the types of authentic texts and the various activities used with authentic texts. The results of the empirical study provide information on the effectiveness of working with authentic texts. The ways of teaching foreign language out of authentic language environment and the positive impact of authentic texts.

Keywords: English lessons, authentic text, linguistic literacy, accuracy, foreign language teaching, original materials, grammar, activities with authentic materials.

Теруге 30.09.2020 ж. жіберілді. Басуға 14.10.2020 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,23 Мб RAM

Шартты баспа табағы 28,8. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. Елемесқызы

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3710

Сдано в набор 30.09.2020 г. Подписано в печать 14.10.2020 г.

Электронное издание

2,23 Мб RAM

Усл. печ. л. 28,8. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. Елемесқызы

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3710

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университет

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университет

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz